

## КИІЗ ҮЙ: ҚҰРЫЛЫМЫ, МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТҮПКІ МӘНІ

Халық мұрасының бай да салтанатты қазынасын киіз үйден табуға болады. Шын мәнісінде, киіз үй – халықтың көне дүниетанымы мен байырғы түсініктері тоғысқан алтын қазық. Қазақ киіз үйін Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, П.Маковецкий, Ә.Марғұлан, М.Мұқанов, В.Востров, И.Захарова, Х.Арғынбаев сияқты ғалымдар зерттеген [1]. Бұлар киіз үйді материалдық мәдениет тұрғысынан тексерген. Ал, біз басқа аспектіде, нақтылап айтқанда, рухани мәдениет тұрғысынан зерттеп, дәстүрлі баспананың мифологиялық-ғұрыптық арғы мәнін зерделеп, онда шоғырланған халқымыздың ежелгі наным-сенімдер жүйесін тексереміз. Бұл бағытта Б.Ибраев [2] алғаш рет пікір білдірсе, этнограф Н.Шаханова қазақ киіз үйін символикалық тұрғыдан зерттеуге тұңғыш қадам жасаған. Ол, негізінен, шаңырақ пен бақанның таңбалық қызметін ауқымды талдап, киіз үйді ер мен әйелдің бірігуінің, өсіп-өнуінің рәмізі деген түйін жасаған [3].

Жалпы, дәстүрлі баспана атаулының түпкі мәні ерлі-зайыптының некелесуі, бірігуі, өсіп-өрбуі екендігін зерттеушілер бірауыздан мақұлдаған. Ескерте кетсек, әлемдегі дәстүрлі баспананың символикалық қызметі тарихи-типологиялық тұрғыдан ұқсас екендігі ғылымда әлдеқашан дәлелденген ақиқат [4]. Ал, біз ел аузынан жазып алған тың материалдарды қолданып, киіз үйдегі кеңістіктер мен символдарды кешенді зерттеп, халықтың байырғы

түсінігіндегі баспананың тұтас тұлғасын, кесек келбет-бітімін анықтап, өзіндік дара ерекшелігін сараламақпыз.

Алдымен айтарымыз киіз үй үш түрлі материалдан жасалғанын байқаймыз. Олар: ағаш, жүн, тері. Ағаш өсімдік текті, ал тері мен жүн мал өнімі. Ағаштан киіз үйдің сүйек-қаңқасы, жүннен киіз жабдықтары жасалады. Тері, біріншіден, керегенің көгіне, екіншіден, шаңырақ тоғымының қоспасын таңатын таспаға жарайды. Тағы бір айқындалған мәселе, еркек – киіз үйдің қатты ағаш қаңқасын, ал әйел – жүннен жасалатын жұмсақ жабдықтарын жасаумен айналысады екен.

Леви Стросс «... Біз айтып отырған тайпаның ерлері – мүсінші, әйелдері – суретші болып қалыптасқан... Кадиувеу өнерін зерттегенде дуализм байқалады: бұл өнерді жасаушы ерлер мүсінші, ал, әйелдер ою-өрнек салатын суретші екендігі айқын көрініп тұр» [5,81-84], – деп жазады үндістер жайында зерттеуінде.

Осыған тура ұқсас жайтты өз мәдениетімізден де табамыз. Үйдің ағаштан жасалатын сүйек-қаңқасы еркектің, киізден жасалатын жабдығы әйелдің рәмізі екендігін байқаймыз. Қазақта «сүйек екенікі, ет ананікі» деген ұғым бар. «Руың кім?» дегенді «сүйегің кім?» деп те айтады. Түйін-десеқ, тұтастай алғанда, киіз үйдің қатты ағаш сүйегі еркекті, биязы жұмсақ жүннен жасалатын жабдығы

әйелді рәміздеп, үй тігіп, отау көтеру салты ер мен әйелдің бірігуін, некелесуін, өсіп-өрбуін тұспалдайды екен.

Тағы бір шындық, киіз үй бір тал шеге қағылмай, темір атаулы араластырылмай жасалатын әлемдегі жалғыз баспана екендігі. Ежелгі дәуірде діни киелі ғимараттарды тұрғызғанда, темір қосуға қатаң тыйым салынған [6,217]. Осы байыр-ғы түсініктің ұшқынын көшпелілер баспанасының сәулет ерекшелігінен де байқаймыз. Бір ғана бұл емес баспананың ғибадатханаға ұқсас көптеген қырлары бар екендігін ғалымдар дәлелдеген. Дәстүрлі мәдениет өкілдері баспана тұрғызғанда, діни киелі ғимараттарды салғанда жасайтын жора-жосындарды, жүйе-жүлгелерді түгелдей қайталап, оған негіз етіп ғаламның бейнесін көшірмелейді екен. Яғни, кез келген баспана тұрғызылған жер – әлемнің орталық кіндігі, үйге космостың құрылымы көшіріледі, оның хақ ортасында мәңгілік өшпейтін ғұрыптық от маздауға тиіс [7, 11].

Қазақ үйінің де бірегей бітімінен осындай алғышарттарды түгелдей кезіктіре аламыз. Киіз үй отбасы мүшелерін ыстық-суықтан ғана емес табиғаттағы қаскөй рухтардан да қорғап-сақтайтын киелі нысан екендігін аңдаймыз.

Дәстүрлі дүниетанымда ғалам бейнесі ұдайы жұптық тайталас ауанында түсіндіріліп, кеңістік игеріледі [8, 233-234]. Баспана да адамның қоршаған ортаны, яғни ғалам кеңістігін саналы игеруінің нәтижесінде өмірге келген. Киіз үйдің тұтас тұлғасы ер мен әйелдің бас қосып бірігуінің рәмізі екендігін айттық. Сонымен бірге үйдегі кейбір айрықша кеңістіктегі бұйымдар да ерлізайыпты жұпты тұспалдайды. Айталық, оң босаға еркекті, сол босаға әйелді рәміздейді. Осы түсінік әлем халықтарының көбіне ортақ. Африкалық ндембу тайпасы мұды мен мукула деген екі ағашты әйел мен еркектің рәмізі ретінде ұлықтап, осы қос ағашты біріктіру арқылы отау көтеру рәсімін бастайтын болған [9,38]. Ал, қазақ киіз үйінің сол босағасында әйелге қатысты, оң босағасында еркекке қатысты заттар орналасады. Сол жақты «қазан-аяқ жақ» деп те атайды. Осы жақта қара қазан, сар баланың бесігі, саба-торсық, асадал, астау-күбі, ыдыс-аяқ, қап-қоржын («қапқа түссе – қатындікі») бар. Бұл қуыс заттарға ылғи да ырыздық-несібе, құт енеді [10]. Яғни, үйдің бұл бөлігін құт-несібені құйып алатын, жиып алатын «кіріс кеңістігі» десек те болады. Көне мәдениетті зерттеушілер үйдегі қуыс заттар, басқаша айтқанда, ыдыс-аяқ әйелді тұспалдайтынын жазған [7,75].

Ұзатылатын қыз:

Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар!

Құлын тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар! [11,7], –

деп үйдің «оң жақ» кеңістігін ерекше кимастықпен жырлап, сынсу айтады. Халық бойжеткен қызды «оң жақта отырған қыз» деп те айтады. Енді осы түсініктердің арғы тамырын анықтай түсу үшін үйдің оң жақ кеңістігінің мәніне кеңірек тоқталайық.

Әлбетте, үйдің оң жағына еркекке қатысты заттар мен жылжымалы «аралық межеде» тұрған, яғни сыртқа шығатын дүниелер орналасады. Ол ерлер тұтынатын ер-тұрман, құрал-сайман, қамшы-жүген, бақан-сырық, бүркіт-қаршыға және «аралық межедегі» жас төл, сондай-ақ ұзатылатын қыз, жөнелтілетін өлік т.с.с. Сондықтан да ұзатылар қыз «Жазғытұры ақша қар жаумақ қайда, құлын тайдай айқасқан оң жақ қайда» деп сынсу айтқан. Оң жақта тұратын ерлер тұтынатын қамшы, бақан-сырық, құрал-саймандар үшкір, ұзыншақ заттар екендігін байқаймыз. Сыртқа бағытталған дүниелер орналасқан себепті үйдің бұл жағын «шығыс кеңістігі» деп атау орынды болмақ. Сонымен бірге, үйдің оң жағы өтпелі ғұрыптар кешені өтетін киелі кеңістік екендігін байқаймыз [3,34]. Бұл жерде сәби жарық дүниеге келеді, жас жұбайлар неке қидырып үйленеді, қайтыс болған аруақ ақырғы сапарға аттанады.

Отау көтеру рәсімінде сол босағаны ақ жаулықты ана, оң босағаны ақсақалды ата керегеге таңып, кәде алатын жосын бар [12]. Бұл рәсімде де қос босаға жыныстық жікке бөлінетіндігі көрініс тапқан.

Ақсақал жас отау иелеріне:

Шаңырағың биік болсын,  
Түтінің түзу ұшысын,  
Керегең кең болсын,  
Екі босағаң тең болсын,  
Қазаныңнан ас кетпесін,  
Белдеуіңнен ат кетпесін,  
Әумин! [13], –

деп бата береді.

Батада «екі босағаң тең болсын!» деп ерлі-зайыптыны ишаралап отырғаны анық. Сол себептен халық екі босағаны керуге қатаң тыйым салады.

Киіз үйдің сол жақ пен оң жақ кеңістігін қақ жарып тұрған төр мен есік жыныстық жікке жатпайтын бейтарап кеңістік екендігін байқаймыз. Бұнда «жасы үлкен – жасы кіші» деген ұғымдар қарым-қатынасты реттейді [14,66-67].

Төр – құт пен кие рухтың мекені. Онда сандық орналасқан, жасы үлкен қария мен қыз бала төрге отыруға хақылы. Қыз баладан басқа әйел жынысты (әже, бәйбіше, тәте, келіншек т.б) төрге шығуға

мүлде рұқсат жоқ. Қыз жат жұртқа келін боп түскеннен кейін төрге отыру құқынан айырылады. Сол себептен ұзатыларда:

Есіктің алды талды ғой,  
Талдыға малын салды ғой.  
Көсілсем аяқ жимайтын,  
Төрімнің алды қалды ғой [15,186], –

деп сынсу айтып, төрмен қоштасады. Жігіттер жағы:

Бой түзедің бойжетіп шашың тарап, жар-жар,  
Ата-анаңыз қуанып деді қарақ, жар-жар.  
Төрден төмен түспейтін еркеш едің, жар-жар,  
Отырарсың есіктен төмен қарап, жар-жар [15,150], –

деп болашақ келіннің үй кеңістігінен иеленетін орнынан да хабардар етеді.

Сондай-ақ төрде ақсақал абыз, төре, билер отырады. Төрде отырған адам билік айтады. Көне түріктер өз мемлекетін «төр» [16,173] деп айтуы, қыз баланың өз жұртын «төркін» деп атауы осы ұғымдардан бастау алған сыңайлы. Әйел адам есіктен төрге тура қарап отыруға болмайды, жартылай қырындап отырады, себебі төрде кие бар. Төрге шығу жасқа, әлеуметтік текке қатысты мәртебе екендігін байқаймыз.

Төрде орналасқан сандық молшылықтың, қазынананың рәмізі. Түрік-моңғол ертегілерінде ішінен қисапсыз мал-мүлік шығатын «сиқырлы сандық» сарыны мол кездеседі [17,144-145]. Сандықты кейіпкерге төменгі әлемнің иесі жылан, немесе аспан әлемінің өкілі киелі құс сыйлайды («Қарақұсбай» [18], «Жүсіп мерген» [19]. Кейбір ертеkte сандықтың ежелгі дүниетанымдағы астарлы мәні мен «игерілген мәдени кеңістік» болып табылатын шеңбер сызықтың баспананың жұртын баламалайтын таңбалық қызметі де айқын бейнеленеді. Мысалы, «Адам болған жылан» деген ертеkte жылан сыйлаған ақ қалайы сандықты жер бетіне алып шыққан соң, бас кейіпкер олардың патшасы айтқан шарттарды бұлжытпай орындайды: «Құрман қойшы жер бетіне шыққаннан кейін бір жерді таңдап алып, алты қанат ақ үйдің орнындай жерді дөңгелектеп сызып, сандықты басына жастап, жатып ұйықтайды. Ертеңгісін ояенса, аппақ ақ үйдің ішінде жатыр екен, оң жағына қараса, аппақ сұлу қыз ұйықтап жатыр екен» [20], – дейді.

Байырғы түсінікте шеңбердің іші «игерілген мәдени кеңістікті» тұспалдайтынын байқаймыз. Қазақ иен далада түнегенде шеңбер сызып, оның ішіне еніп жатса, жын-шайтан жоламайды деп ырымдаған [21,187]. Ертегіде Ханшентей батыр нөкерлеріне «Мен озып кетейін, сен үшеуің ... келіндер! Менің дөңгелек сызған жеріме қон»

[11,266], – дейді Ал, тува халқы аңшылар шеңбер пішінін жасап ұйықтаса, оларға қар адамы «кижи бурс» зиян жасай алмайды деп сенген [22,27]. Осы деректерден киіз үйдің көкжиек тәрізді дөңгелек пішінінің өзі байырғы түсінікте адамды жауыз рухтардан қорғайтын магиялық қызмет атқарғанын білуге болады.

Ал, сандықта қара Құран, батырдың туы, төренің таңбасы, тайтұяқ, қойтұяқ жамбылар сақталады. Оны түнде ашуға әсте болмайды. Егер амалсыз ашатын жағдай туса, «Ішіне жылан кіріп кетті» деген жалбарынуды айтып ашуға тиіс [23,168]. «Төрде төртеу төрем дейді, есікте екеу өлем дейді» деген жұмбақтың шешуі – сандық пен қос босаға. Бұл жұмбақта төрдегі төрт бұрышты сандық мызғымайтын тұрақтылықтың, үлкендіктің, ал қос босаға соған тынбай қызмет ететін кішіліктің белгісі ретінде бейнеленген.

Төрге отыру құрметіне ие болған қыз бала бойжеткен соң «оң жақтан» ұзатылатынын айттық. «Оң жағын қызартып, отау көтеріпті» дейді ел, өйткені ұлдың отауы үлкен үйдің оң жағына тігіліп, жас отау екендігін айыру үшін қызыл дөдеге бастыратын болған. Осындай жайттарға байланысты «қыз бала төр иесі, ұл бала үй иесі» деген мақал туған. Төрде отырған қарияның өмір сапарының ақыры «оң жақта» аяқталады да о дүниеге жөнелтіледі. Ал, сәби болса шыр егіп, осы «аралық меже» оң жақта өмірге келіп, кіндігі кесілісімен үйдің сол қанатына көшеді де, өмір шеңберін жаңадан бастайды. Көшпелінің өміріндегі ең сыйлы орын төр – сондықтан да асқақтықтың, белгілі бір әлеуметтік мәртебенің ұшар биігі саналады.

Әлбетте, осы семантикалық кеңістікке қарама-қарсы орналасқан есік – кішіліктің нышаны.

Жалпы, есік пен шаңырақ үйге баспана ретінде мәртебе беретінін айта кеткен жөн. Бұл шекаралық ашық кеңістіктерден үйге құт пен жұт қатар енуі де ықтимал. Сондықтан бұл кеңістік күзету, сақтау, қорғау қызметін де атқарады. Жұмбақтарда есік пен шаңырақсыз болу тағылықтың, табиғилықтың белгісі ретінде суреттеліп, мәдени нысан баспанаға әрдайым қарама-қарсы қойылады. Айталық, «Тал үстінде түндіксіз отау» (Құстың ұясы); «Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау» (Жұмыртқа); «Салынған үйі тастан, Тесіп алып қашқан» (Балапан); «Ақ отаудың есігі де жоқ, тесігі де жоқ»; «Бір ақ үй бар, кірейін десең есігі жоқ» (Жұмыртқа) [24,24].

Шаңырақ үйдің көзіне теңдестіріледі. Жұм-бакта былайша суреттеледі:

Бір нәрсе өзі берік, іші қуыс,  
Ол заттың сүйегі көп айқыш-ұйқыш.

Көзі бар жарқыраған төбесінде,  
Жайса үлкен, жинағанда бір-ақ уыс.

Ал, есік ауызға баламаланады:

Бар екен бір мақұлық қаны қашқан,  
Сақылдап адам келсе, аузын ашқан.  
Болғанда отыз омыртқа, қырық қабырға,  
Мұны тапқан адамның ақылы асқан [25,148-149].

Есік – шекаралық кеңістік болғандықтан қорғау, сақтау, күзету қызметін атқаратынын айттық. Киіз есік жұмбақта былайша бейнеледі: «Көк итім қабан, артына киіз жамаған».

Ескі қазақ есікті «ергенек», «иткірмес» деп те атаған [26,5]. Түркі-моңғолдардың ежелгі түсінігінде ит – тотем-баба саналып, ұдайы күзету, қорғау функциясын атқарған [27,63-69]. Сол себептен халқымыз киіз есікке «иттабан», «итемшек», «иттіс» сияқты ою-өрнектерді салатын болған [28,40]. Ел есіктен тамақ шайнап өнуге тыйым салып, үйден тамақ шайнап сыртқа шығуға рұқсат етіп, молшылықты дәріптеген. Егер адам есіктен енгенде оқыстан сүрініп кетсе, «құт келді, құт келді» деп, оның маңдайын төрдегі сандыққа сүзістіріп, жақсылыққа жориды.

Ұзатылатын қыз үйден шығарда босағадан ұстап:

Есіктің алды ақ қайың,  
Әптіек оқып жаттайын.  
Өлі де шығар есіктен,  
Тірі де қайтіп аттайын.

Есіктің алды ошаған,  
Ұстатпайды қашаған.  
Жат елге кетіп барамын,  
Жібермеші, босағам [15,162-163], –

деп жылайды.

Бұндай рәсімдер жайында фольклортанушы К.Матыжан: «Отбасылық ғұрып фольклорындағы көп жырланатын киелі ұғымның бірі – есік, немесе босаға, маңдайша, табалдырық. Өзінше символдық мәнге ие болған бұл ұғымдар фольклор поэтикасында формулаға айналған. Ұзатылатын қыз үйімен, елімен қоштасарда табалдырыққа бүгіліп, босағадан ұстап жібермей жырлап қоштасады. Дәл осы сияқты өлікті шығарарда да табалдырыққа қойып дамылдатады. Өлікті үйден аяқ жағымен шығарады. Екі ғұрыптың да мәні басқа әлемге аттанардағы шекарадан өту... Халық шығармашылығында табалдырық, босаға, маңдайша – бүтіннің орнына жүретін есіктің бөлшектері. Оның ішінде көбірек қолданылатыны – босаға. Отбасылық ғұрыптарының қай-қайсысында болмасын бұлар аса маңызды рөл ойнайды. Осы ғұрыптық дүниетанымнан фольклорға

ауысқан бұл ұғым отбасылық ғұрып поэзиясында, әсіресе, қыздың қоштасуында тұрақты формулаға айналған» [29,31], – деп жазады.

Әлбетте, сыңсыған қыз туған үйімен қимай қоштасып, оның әрбір жабдықтарын санамалап жырға қосады:

Берем деген сертіңе жеттің, әке, ай-оу,  
Көздің жасын мен байғұс төктім, әке, ай-оу.  
Тоқсан басты торкөзді қайран үйім, ай-оу,  
Торғай басым сыймаса, кеттім, әке, ай-оу...

Босағасы биік боз үйім,  
Боздамай қайтіп шыдайын.  
Еңсесі биік өз үйім,  
Еңіреп қайтіп шығайын.

Үйімнің көркі босағам,  
Бояуы қызыл жосадан.

Айырылып кетіп барамын,  
Келгенше қайтып қош, аман.

Үйімнің көркі шаңырақ,  
Көрінер жұлдыз жамырап.  
Құлының кетіп алысқа,  
Қалдың ғой, апа, аңырап.

Жылқы ішінде керім-ай,  
Жарасқан күміс ерім-ай.  
Отыра қалып іс тіккен,  
Қалдың ғой артта, төрім-ай.

Үйімнің көркі уықты-ай,  
Пендеге ажал жуықты-ай.  
Жат жерде жалғыз жүргенде,  
Ат ізін жүргей суытпай [15,186-188]

Қазақ жақсы көрген баласына «Есігіңе ергенек болайын» дейді, бұл «күзетшің болайын» дегені.

Жазық кеңістікте баспана оң-сол, алдыарты (есіктөр) деген семантикалық кеңістіктер арқылы дәстүрлі дүниетанымдағы «төрт төңірек, сегіз тарапты» тұспалдайды. Ал, тік кеңістікте жоғарғы, ортаңғы, төменгі әлемді ұластырушы тұлғасын көреміз. Үйдің мифологиялық танымдағы «космос тауы» ретіндегі дәнекерші қызметін байқаймыз. Жалпы, байырғы түсінікте ғалам жазық кеңістікте төрт төңірекке, ал тік кеңістікте үш әлемге (жоғарғы, ортаңғы, төменгі) бөлінетіндігі ғылымда дәлелденген [30,88-91].

Үйдің үсті ұдайы ғарышпен байланыстырылады. Мысалы, жұмбақтарда былайша суреттеледі. «Үй үстінде ұсақ тас, танертең тұрсам, табылмас» (Жұлдыз); «Жабық астында жарты күлше» (Ай) т.с.с.

Ал, табалдырық төменгі әлеммен байланыстырылып, киелі саналады. «Табалдырық – таудан биік»

дейді халық. Бұл кеңістік те «аралық межеге» жатады. Халық шала туған төлді, бала тоқтамайтын болса, нәрестенің жолдасын табалдырықтың астына көмген. Қырсық шалған қақ-пан, мылтықты осында қойып домдаған. Себебі, табалдырық пен босаға жазық кеңістікте «адам әлемі – табиғат әлемі», («игерілген кеңістік – игерілмеген кеңістік»), тік кеңістікте «жоғарғы әлем – төменгі әлемді» (“көк тәңір – жер ана”) байланыстырып тұрған әмбебап киелі торап. Сондықтан Хаостың қалдығы бар екі әлемге де тән емес дүниелер осы межеде реттеледі, табалдырыққа тапталады деп иланған. Табалдырықтың осындай семантикалық айрықша мәртебесіне қатысты көптеген ырым-тыйымдар пайда болған. Табалдырықты басуға, онда тұрып амандасуға, босағаны керуге тыйым салынады. Осы мәндес сан алуан ұғымдардың барлығы әлем халықтарына ортақ универсал ұғым екендігін айта кеткен жөн.

Керегенің аяғы да төменгі әлеммен байланыста екендігін байқаймыз. «Алдашы [31] келіп адамның жанын алғалы бауыздағанда керегенің үшін-ші көгіне дейін қан шашырайды екен», – деген сөз бар. «Үй іші ала болса, керегенің көгі толған пәле болады» [26,4], – дейді халық.

Кереге үйді сыртқы әлемнен бөліп тұрған шеңбер пішіндес тұйық қамал қорған міндетін атқарады. Ал, керегенің басы жоғарғы әлеммен қатынасқа түседі. «Кереге басы майлы болсын, қоныс жайлы болсын!», «Керегенен май кетпесін, үйіңнен бас кетпесін, дастарханыңнан ас кетпесін!», – деген бата-тілектер айтылады. Себебі, сол қанаттағы (“қазан-аяқ жақ”) керегенің басына сары қазы, сүрленген ет, торсық-бүйен ілінеді. Ал, оң қанаттағы керегенің басына құрал-сайман, киім-кешек, аңның терілері, жүген-ноқта ілінеді. Егер нәресте шала туса, оны бөлемей, атасының бөркінің ішіне салып, оң жақ босағадағы керегенің басынан бастап неше күн кем туса, сонша тал керегенің басына айналдыра іліп домдайды. Мінеки, бұдан біз керегенің басы аспандағы рухтар әлемімен қатынасқа түсіп, құт-несібені сақтайтын күзетшілік қызмет атқаратынын көреміз. Демек, дөнгеленген кереге берік шегара міндетін атқарады. Сол себептен жұмбақтарда ол күш-қуаттың бейнесі ретінде суреттеледі. Мысалы: «Жүз жігіт жер тіреп жатыр» (Кереге); «Жетпіс кемпір жер тістеп жатыр, алпыс кемпір ат байлап жатыр»; (Кереге мен уықтар); «Артында әкем жұдырығын түйіп тұр» (Керегенің көгі) [25,153].

Тік кеңістікте қарастырғанда үйдің дәл ортасында күннің жердегі бейнесі от жағылатын ошақ орнала-

сқанын көреміз. Ошақ тұрған жер әлемнің орталық кіндігі болып саналады [32]. Керегені керген соң есік ашылып, үйге арт жағымен бағыттталып бақаның енгізіледі. Соған шаңырақ ілініп көтерілгенде бақаның арты тиген нүкте әлемнің орталығы болып саналады. Сонынан мұнда ошақ орналасады. Ошақтың дәл үстінде күн символы шаңырақ, оның үстінде аспандағы күн тұрады. Осылайша күннің жердегі рәмізі – ошақ кеңіс-тіктен өз орынын табады. Ошақтың қасиеттілігі шаңырақпен тең түседі. Сондықтан ауыл көш-кенде, ошақты шаңырақтың үстіне байлап, түйеге тиейді. Ол жайында жұмбақта: «Қозғалмайды, үш аяқпен тұрады, ауыл көшсе шаңырақта тұрады», – деген [25,220]. Бабалар «Ошақтың бұты – үшеу, жағар оты – біреу» деп елдің бүтіндігін, ұрпақтар сабақтастығын (ата-әке-немере үштігі) дәріптеген. “Отының басынан берсін, ошағының қасынан берсін!”, “Ошақтың үш бұтынан бер-сін!”, – деп әулетке несібе тілеген.

Ошақ орналасқан соң, үстіне дереу қазан асылады. Отау көтергенде қазанды бос асып қоюға болмайды. Асылған қазанға дереу ас құю керек. Қазанның ернеуі есік жаққа қарай қисайып тұруға қатаң тыйым салынады [13]. Қазан да осылайша әлем орталығына орналасып, молшылықты, құт-берекені тұспалдайды. Ел ырыздық тілегенде сол себептен: «Қазан аузы – жоғары!», – деп шаңыраққа қарап, тәңірге мінәжат еткен. “Қазаның оттан түспесін!”, – деп ақ тілек айтылған.

Ертегіде Ертөстік, Жоямерген, Құламерген батырлар дарияның астынан алтын қазан іздейді. Жоямерген ерлік қылып көл астынан әкелген қазан былай бейнеленеді:

Қаншама көп мал тойға сояды екен,  
Қазанда қайнаттырып қояды екен.  
Болса да қанша әскер тойға келген,  
Бәрі де сол қазаннан тояды екен [33,208].

Ал, басқыншы жаудың жауыз әрекеті жырда былайша көрініс табады:

Бикұт елді бүлдірді,  
Бөріктен найза ілдірді.  
Қақ айырып қазанын  
Балтамен ойып сындырды [34,151].

Қазанның рәміздік мағынасы туралы Ө.Марғұлан: «Қазан мықты болса, ел де мықты. Қазан шаңырақ тәрізді бүтіндіктің белгісі, ол құрыса, ел де құриды. Оның үстіне қазанды қасиеттеу – ерте кездегі темірге табынудың бір түрі. Тәуке ханның аңызында жолығатын «қара қазан», «қара мылтық» алу – жаудан кек алу белгісінің ескі түрі. Тәукенің жарғысы бойынша, бұрын жау-ласқанда «шаңы-

рақ», «қазан сындырып» кек алудың орнына енді оны сындырмай, жәбір көрген жаққа сол нәрселердің өзін беріп тыныштық жасайды. «Жеті жарғыда» кек алуға беретін символикалық нәрселер – «қара қазан», «қара нар», «қара мылтық», «қара күн», «қара ат», – деп жазады [35,77-78].

«Ертеде жауласқан бауырлас екі ел найзаларының болат ұшын балқытып, нарқазан жасап, соған ас құйып ішіп, татуласыпты» деген сөз бар [36]. Бұнда да береке-бірлік уағыздалғанын байқаймыз. Сондықтан да түркі дүниесінің кіндігі Түркістанға тайқазан қойылған.

Отау көтергенде арнайы «от жағарға» сайланған бәйбіше қара шаңырақтан от әкеліп, алғашқы отты жағып «от бөлу» рәсімін жасайды. Осылайша ғұрыптық от бөлінген соң отау пайда болады [37,74]. Бәйбіше қара шаңырақтың ошағынан шокты қалақшаға салып әкеп, отауға от жағып, кәде алады. Реті келсе, әкесінің шақпағымен де тұтататын жосын бар.

Ал, күннің символы шаңырақтың төрткүл күлдіреуіші мен түндіктің төрт бауы «төрт тарап, сегіз қиырды» тұспалдайтыны анық. Түндікті аздаң тұрып, отанасы ашып, үйге сәуле енгізеді. Жаңа түскен келін ерте тұрып, үлкен үй мен отау-дың түндігінің бауына ақтық байлап ашатын дәстүр бар. Түндіктің алдыңғы бауын ешқашан үйдің ішіне енгізуге болмайды. Себебі, толғақ ауыр болған жағдайда осы бауды ішке енгізіп, әйелдің аузына жұтқызып, лоқсытып, домдайды. Сонда толғақ оналады деген ырым бар [38]. Түндіктің бауы күн сайын үйге сәуле енгізетіндіктен нәрестенің де жарық дүниені көруіне көмектеседі деп иланады халық.

Қазақта отбасы сөзінің ауыспалы бір мағынасы – шаңырақ. Қара шаңырақ бүкіл әулетті айғақтайды. Себебі, жоғарғы әлемнен құт-несібе шаңырақ арқылы үйге құйылады. Сондықтан оның тура астына қазан тосылады. Шаңыраққа кепкен төстік, үрген қарын ілінеді. Ертөстіктің анасы сол төстікті жеген соң оны туғандығы ертеkte айтылған. Ал, шаңырақты жерге түсіргенде үйдің дәл ортасына қоюға қатаң тыйым салған. Өйткені бұл жайт үйдің құлауы, үйелменнің құруымен тең. Қарғыста былай айтылады:

Шаңырағы шартылдап,  
Шандырына қадалсын.  
Босағасы бортылдап,  
Борбайына қадалсын.  
Күлдіреуіші күрт сынып,  
Көтіне қадалсын! [11,6].

Баспанаға қатысты айтылатын тағы бір жаман қарғыстар былай: «Шаңырағы ортасына түссін, тас

ошағы талқан болсын!», «Күлің шашылмасын, шалығың басылмасын, түндігің ашылмасын!»

Анимистік наным бойынша, шаңырақ тірі кейіпте. Үйде ешқандай адам жоқ болса да табалдырықтан аттаған соң «Ассалаумағалейкум!» деп шаңыраққа сәлем беру рәсімі қалыптасқан. Қара шаңырақ әулетті жалғастырушы киеге саналғандықтан кенже балаға мирас етіледі [39].

Ежелгі дүниетанымда киіз үй зооантропо-морфты бейнеде суреттеледі. Оған жұмбақтар дәлел болады:

1. Апан-апанды көрдім,  
Жаман шапанды көрдім.  
Алпыс аяқтыны көрдім,  
Адам жұтқанды көрдім.

2. Қабағы түнде жабық, күндіз ашық,  
Адамзат тірлік қылмас одан қашып,  
Алыстан лебіменен тартып алып,  
Жалмайды жақындасаң аузын ашып [15,435].

Ежелгі дәуірде анимистік танымның ауанында өлі затты тірі деп елестететін мифтік ұғымдар уақыт өте келе санадан біртіндеп ығысып, кейінгі халық мұраларында поэтикалық тәсіл ретінде қолданылатындығы ғылымда дәлелденген. Бұның бір мысалын киіз үй туралы айтылатын халық жырынан анық көре аламыз. Бұл өлеңде қолөнер бұйымдарына тіл бітіп сөйлеп, олар мұңзарын, иесіне деген басынашағымын айтады. Бір сөзбен айтқанда, киіз үй жабдықтарына халықтың өзі басынан кешіп отырған әлеуметтік төл тіршілігі көшіріліп, жырда қолөнер бұйымдары қарапайым бұқараның азапты өмірін баяндаушы образға айналып кетеді. Сонымен, өлеңді оқып көрейік:

Түндік айтар жаңбырдан сақтадым деп,  
Мені неге жалынға қақтадың деп.  
Астымнан аямастан түтін салар,  
Қай жерімнен иеме жақпадым деп.

Шаңырақ:

Жастай мені тоғайдан кесіп алдың,  
Аямай сексен жерден тесіп алдың.  
Морға салып белімді иетұғын,  
Мен адамның осынша несін алдым.

Сонда тұрып сөйлейді сексен уық,  
Көрмедік ала жаздай бір күн суық.  
Басымды бір тесікке тығып қойып,  
Аяғымды тас қылып қойды буып [40]...

Осылардан кейін сөз алған үзік, туырлық, ши, есік, маңдайша, табалдырық сияқты тағы басқадай қалың жабдықтар кезек-кезекпен өз жағдайын баян етеді.

Әлбетте, алғашқы қауымдағы мифтік символдар уақыт ағысында киелі сипаттан арылып, сейілдік мақсатта айтылатын көркем шығармаға әр беретін тәсіл ретінде кірігетіндігінің, бірақ та байырғы түп бейнелердің адам санасында басқа сипатта ұдайы жаңғырып, түлеп жататындығының бір белгісі осы болса керек.

Түйіндеп айтар болсақ, қазақ қолөнерінің теңдессіз бірегей мұрасы – киіз үйдің халық өмірінде алатын орны ерекше бағалы. Киіз үй көш-пелі қауымды ыстық-суықтан ғана емес, табиғаттағы қаскөй рухтардан да берік қорғап тұратын киелі кешен екендігін пайымдадық. Өйткені оның сәулет ерекшелігінен әлемдегі діни ғимараттарды тұрғызғанда жасалатын алғышарттарды түгел кездестіріп отырмыз. Әулеттің өмір-тірші-лігіндегі туудан өлуге дейінгі барлық ғұрыптар жүйесі тұтас осында өткен. Халық сондықтан да «өз үйім – құтты мешітім» («құтты мешіт – өз үйім») деген. Шынтуайтында, көшпелі халықтарда ғибадаттық салттарды өтейтін арнайы ғимараттар болмағандықтан киіз үй сол міндетті де ат-қарғаны анық. Ғалым Д.Банзаров «Құрбандық шалу, рухтармен тілдесу сияқты неше түрлі салттардың бәрі тек киіз үйде өтеді, өйткені моңғолдарда ғибадат жасауға арналған ғимараттар болмаған» [41,96], – деп бұл мәселеге нақтылы түсінік береді.

Киіз үйдің киелі рәсімдік сипатын көзімен көрген П.Маковецкий «Қандай бір қиын-қыстау кезде қазақтар киіз үйіне тәу етіп, серт береді. Олар шаңыраққа қарап «құтты қадам үйімде ант етем» деп баспанасына табынып, оны Құдайдың үйі – храмға балайды» [26,14], – деп бұл бағытта тың пікір білдіреді.

Сонымен, біз байырғы түсініктегі баспананың түпкі бейнесін қайта жаңғыртуға талпыныс жасадық. Көшпелілер баспанасына космостың құрылымын көшірмелеп, кейіннен ондағы кеңістік пен символдарды мемлекеттік жүйеге де берік орнықтырғанын байқаймыз. Мысалы, төр семантикалық кеңістігінің мәнісі айрықша. Көне түріктер өз мемлекетін «төр» деп атап, оны «оң қанат» пен «сол қанатқа» жіктеуі, билеуші ақсүйек тайпаны «төре» деп атауы осы байырғы ұғымдардың өзгеше өріс алуы еді. Кейінгі мемлекеттеріміз де «Ақ орда» «Қазақ ордасы» атанғанын білеміз. Тіпті алғашқы киіз үйді Оғыз ханның өзі жасатқан деген аңыз да бар [42,14]. Бабаларымыз жалпақ көшпелі қауымды «киіз туырлықты, ағаш уықты» деп атап-түстеп бауырына тартқан. Жеріміздің тұтастығын «Еділ – үйдің есігі, Жайық – үйдің жапсары, Түркістан – төріміз» деп киіз үй бейнесінде елестеткен. Алашорда

кезеңінде «керегеміз – ағаш, ұранымыз – алаш!» болғандығы тағы да ақиқат.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Қазақ киіз үйі туралы зерттеулерді қараңыз: *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. Алматы, 1985. 99-104-бб; *Потанин Г.Н.* Очерки Северо-Западной Монголии. Спб., 1881. Вып. 2. С.107-108; *Маковецкий П.* Юрта // Записки Западно-Сибирского отдела императорского Русского географического общества. Кн. XV. Вып. III. Омск, 1893; *Куфтин Б.А.* Киргиз-казаки. Культура и быт. М., 1926. С. 20-34; *Потанов Л.П.* Особенности материальной культуры казахов, обусловленные кочевым образом жизни // Сборник музея антропологии и этнографии. Т. XII. М.-Л., 1949. С. 56-59; *Марғұлан Ә.* Киіз үй // Қазақ Совет энциклопедиясы. 5 том. Алматы, 1974; *Ибраев Б.* Космогонические представления наших предков // Декоративное искусство СССР. 1980. №8; *Муқанов М.* Казахская юрта. Алматы, 1981; *Аргынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1987; *Востров В.В., Захарова И.В.* Казахское народное жилище. Алматы, 1989; *Жәнібеков Ә.* Жолайырықта. Алматы, 1995; *Алимбай Н., Муқанов М., Аргынбаев Х.* Традиционная культура жизненного обеспечения казахов. Алматы, 1998.
2. *Ибраев Б.* Космогонические представления наших предков // Декоративное искусство СССР. 1980. №8.
3. *Шаханова Н.* Мир традиционной культуры казахов. Алматы, 1998. Бір ескертетін жайт: Н. Шаханова бақанды ер, шаңырақты әйел символы ретінде түсіндіреді (Сонда 24-б.) Біз бұған келіспейміз, себебі шаңырақ халықтың ұғымында әрқашанда ер-азаматты рәміздейді, тіпті әйел адам оған қол тигізбейді.
4. Дәстүрлі баспана туралы төмендегі еңбектерді қаруыңызға болады: *Wasilewski J.* Space in Nomadic Cultures: A Spatial Analysis of the Mongol yurts // *Altaica Collecta.* Wiesbaden, 1976; *Байбурун А.К.* Жилище в обрядах и представлениях восточных славян. Л., 1983; Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Новосибирск, 1988. С. 56-71; *Жуковская Н.Л.* Кочевники Монголии. М., 2002.
5. *Левин Страсс К.* Печальные тропики. М., 1984.
6. *Фрэзер Д.* Золотая ветвь. М., 1983.
7. *Байбурун А.К.* Жилище в обрядах и представлениях восточных славян. Л., 1983.
8. *Мелетинский М.* Поэтика мифа. М., 1976.
9. *Тэрнер В.* Символ и ритуал. М., 1983.
10. Құт рәмізі туралы қараңыз: *Сейфуллин С.* Шығармалар. Алматы, 1964. 188-189-бб; Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Новосибирск, 1989. С. 72-80; *Шаханова Н.* Мир традиционной культуры казахов. Алматы, 1998. С. 9-18.
11. *Радлов В.В.* Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Часть III. Киргизское наречие. СПб., 1870.
12. Бұл мәліметті 2005 жылы бізге айтып берген 1944 жылы туған, руы керей, ителі Топынбай ұста Қаңбақұлы.
13. 24.01.2004 жылы айтып берген 1930 жылы туған руы керей, шеруші Жидай қажы Қодарханұлы.
14. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Новосибирск, 1988.

15. Көктоғай ауданының өлең-жырлары. Үрімжі, 1992.
16. *Сартқожаұлы Қ.* Орхон мұралары. 1 кітап. Астана, 2003.
17. Монгол ардын үлгэр. Ұланбатыр, 1982.
18. ӘӨИ ҚҚ 123-бума, 5-дәп.
19. ӘӨИ ҚҚ 124-бума, 6-дәп.
20. ӘӨИ ҚҚ 125-бума, 2-дәп.
21. *Кейкін Ж.* Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы, 2000.
22. *Монғуш Кенин-Лопсан.* Мифы тувинских шаманов. Кызыл, 2002.
23. *Диваев Ә.* Тарту. Алматы, 1992.
24. *Васильев А.В.* Образцы киргизской народной словесности. Вып. 2. Оренбург, 1900.
25. Бабалар сөзі: Көп томдық. Жұмбақтар. 6-т. Астана, 2002.
26. *Маковецкий П.* Юрта // Записки Западно-Сибирского отдела императорского Русского географического общества. Кн. XV. Вып. III. Омск, 1893.
27. *Тойшаңұлы А.* Антропологиялық мифтердегі ит символы және «ит жейде» салтының семантикасы (қазақ пен моңғолдың фольклорлық материалдары бойынша) // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2004. № 5-6.
28. *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1969. 40-б. Моңғол халқы да есікке ит пішіндес өрнектер салатын болған. Қараңыз: *Самшилдэндэв Х.* Малчин ардын зан үйлийн уламжал. Ұланбатыр, 1985. 161-б.
29. *Матыжанов К.С.* Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2004.
30. *Қасқабасов С.А.* Миф пен әпсананың тарихилығы // Қазақ фольклорының тарихилығы. Алматы, 1993.
31. Алдашы – адамның жанын алатын мифологиялық кейіпкер. Бұл алтайлықтар мен қазаққа ортақ бейне.
32. Ошақ туралы толығырақ қарауыңызға болады: Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Новосибирск, 1988. С.59; *Жуковская Н.Л.* Кочевники Монголии. М., 2002. С.18.
33. *Соян Қ.* Халық мұрасы. Өлгий, 1991.
34. Қармыс батыр // *Досмұхамедұлы Х.* Аламан. Алматы, 1991.
35. *Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985.
36. Көшпелілер дүниетанымында осылайша ұсақ заттардан кесек заттың құралуын аңыздау арқылы береке-бірлікті дәріптейді. Мысалы, моңғолдың бір аңызы былай: діндар ғұлама Д.Равжаа ақын жауласқан бауырлас қауымның түмен кездігін жинап алып, содан будданың мүсінін жасап, жұртты соған табындырған соң бүліншілік тыйылыпты деседі. Сол мүсінді «түмен кездік бурханы» деп атап кеткен. Қараңыз: «Нутгийн амьдрал» газеті, Сайншанд қаласы, 05.2003; Тағы бір аңызда «Біз елден ине жинап, балта жасаймыз, балтаны ұстап, балта көтеріп бізді жаулаған елдің басын шабамыз!» деген. Қараңыз: *Пурэв О.* Монгол бөөгийн шашин. Ұланбатыр, 2002. 251-б.
37. *Каскабасов С.А.* Казахская волшебная сказка. Алматы, 1972.
38. 2005 жылы М.Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Моңғолия қазақтары арасында жүргізген фольклорлық-музыкалық экспедициясында руы керей, молқы 1928 жылы туған Қафуза Болатқызы айтып берген мәлімет. Моңғол мен қырғыз халқында да тура сондай рәсім бар. Қараңыз: *Бурдуков А.* Роды у байтов. (Обычай и знахарство во время родов) // Живая старина. 1916. Вып. IV. С. 82, 85; *Абрамзон С.М.* Рождение и детство киргизского ребенка // Сборник музея антропологии и этнографии. Т., XII. М.-Л., 1949. С. 101.
39. Кенже баланың фольклордағы бейнесі туралы қараңыз: *Каскабасов С.А.* Казахская волшебная сказка. Алма-Ата, 1972. С. 132-139.
40. Көктоғай ауданының өлең-жырлары. Үрімжі, 1992. 317-320-бб. Ел арасында көп таралған осы жырдың тағы басқадай нұсқаларын қарауыңызға болады: Замана жыршылары. Өлгий, 1989. 41-42-бб; Алтай қаласының халық өлең-жырлары. Үрімжі, 1991. 266-268-бб; *Қайроңұлы М.* Алтын кілт. Ұланбатыр, 2003. 145-146-бб; Шернияз. Алматы, 2001. 70-71-бб.
41. *Банзаров Д.* Собрание сочинений. М., 1955.
42. *Көпейұлы М.Ж.* Шығармалары. Павлодар, 2006. 8-т.